

ISSN 1563-0226  
eISSN 2617-1864

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

# ХАБАРШЫ

Шығыстану сериясы

---

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЪ-ФАРАБИ

# ВЕСТНИК

Серия востоковедения

---

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

# JOURNAL

of Oriental Studies

---

№1(96)

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2021





# ХАБАРШЫ

ШЫҒЫСТАНУ СЕРИЯСЫ № 1 (96) наурыз

ISSN 1563-0226  
eISSN 2617-1864



04.05.2017 ж. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген

Күәлік №16506-Ж.

Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады  
(наурыз, маусым, қыркүйек, желтоқсан)

## ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Турар А.С., PhD докторант (Қазақстан)  
Телефон: +7 778 527 3341,  
E-mail: aidanaturar1995@gmail.com

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:


Надирова Г.Е., филол.ғ.д., проф. – ғылыми редактор  
(Қазақстан)  
Габдуллин К.Т., PhD – ғылыми редактордың  
орынбасары (Қазақстан)  
Алдабек Н.Ә., т.ғ.д., профессор (Қазақстан)  
Ким Г.Н., т.ғ.д., профессор (Қазақстан)  
Ерекешова Л.Г., т.ғ.д., доцент (Қазақстан)  
Шадкам З., ф.ғ.к., доцент (Қазақстан)  
Эгамбердиев М.З., т.ғ.к., қауымд. профессор  
(Қазақстан)  
Кокеева Д.М., ф.ғ.к., қауымд. профессор (Қазақстан)  
Мевлют Эрдем (Mevlut Erdem), профессор (Түркия)

Нуреттин Демир (Nurettin Demir), профессор  
(Түркия)  
Мустафа Изуддин (Mustafa Izuddin), PhD  
(Малайзия)  
Чжао Цюань-шэн (Zhao Quan-sheng), профессор  
(США)  
Масару Тономура, профессор (Жапония)  
Хаслина Бинти Хассан (Haslina Binti Hassan), PhD  
(Малайзия)  
Джалал Илсайд (Galal Elsaeed), профессор (Египет)  
Мехмет Нажи Онал (Mehmet Naci Onal), профессор,  
доктор (Түркия)

Шығыстану сериясы Шығыс елдері тарихы, саясаты, экономикасы, мәдениеті,  
тіл білімі мен әдебиеті, тіл оқыту әдістемелері бағыттарын қамтиды.



Министерство образования и науки  
Республики Казахстан  
Официальный интернет-ресурс  
Комитета по контролю в сфере  
образования и науки



## Жоба менеджері

Гүлмира Шахкозова  
Телефон: +77017242911  
E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

## Редакторлары:

Гүлмира Бекбердиева, Агила Хасанқызы

## Компьютерде беттеген

Айгүл Алдашева



ИБ № 14320

Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 7,5 б.т. Тапсырыс № 2349.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.  
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.  
«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2021



1-бөлім  
**ШЫҒЫС ФИЛОЛОГИЯСЫ**

---

Section 1  
**ORIENTAL PHILOLOGY**

---

Раздел 1  
**ВОСТОЧНАЯ ФИЛОЛОГИЯ**



**Ы.М. Палтөре** 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.  
e-mail: yktyiar@inbox.ru

## **ӘЛ-ФАРАБИДЫҢ «УСУЛ ЫИМ АТ-ТАБИЬА» АТТЫ ТРАКТАТЫ МӘТІНІНДЕГІ ҚҰРАН АЯТТАРЫНА ТАЛДАУ**

Бұл зерттеу ҚР БЖҒМ-ның АР08857715 «Әл-Фараби трактаттарындағы теоллингвистикалық дискурс («Усул ыим ат-табиьа», «Китабул-Ахлақ» және «Китабул-Хуруф» еңбектері негізінде)» атты жоба аясында даярланды. Әл-Фарабидың «Мақалаат ар-Рафиьа фии усул ыим ат-табиьа» (Табиғат ғылымының негіздері жайлы жоғары мақалалар кітабы) атты трактатының біздің зерттеуіміз бойынша қазіргі кезде үш нұсқасы бар. Бұл трактат 1951 жылы түркиялық зерттеуші Айдын Сайылы (Aydin SAYILI) мен Нежати Лугал (Necati LUGAL) тарапынан түрік тіліне аударылған. Ал 1978 жылы қазақ тіліне аударылғандығы туралы мәлімет берілсе де күні бүгінге дейін бұл трактаттың қазақша аудармасы ғылыми айналымда жоқ. Әл-Фараби бұл трактатында өзінің негізгі ой-тұжырымдарын Құран және хадис мәтіндерімен дәйектеп, түп төркіні «Адамды» тануға бағыттайды. Осылайша «ақыл», «рух» және «нәпсі» ұғымдарын жеке-жеке талдап түсіндіреді. Мысалы, «Ақыл» жайында сөз еткенде алдымен ақылдың нұрдан, ал нұрдың жаратушы Иеден бастау алатындығын алға тартады. Өз пікірін қуаттау үшін Құран аятын келтіреді. Осы сияқты «Рух» және «Нәпсі» ұғымдарын түсіндіру кезінде де діни мәтіндер, яғни аят-хадистер сабақтастырылып, негізгі ой-тұжырымдармен мазмұндасып жатады. Бұл мақалада Әбу Насыр әл-Фарабидың «Усул ыим ат-табиьа» атты трактаты мәтіні ішіндегі қасиетті Құран аяттары топтастырылып, олардың қазақша аудармалары, қолданылу дәйектемелері талдауға түседі.

**Түйін сөздер:** әл-Фараби, қолжазба, Мақалаат әр-Раиьа, түпнұсқа мәтін, аударма, Құран аяттары.

Paltore Yktyiar

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty  
e-mail: yktyiar@inbox.ru

### **Analysis of the verses (poetries) of the Qur'an in the text of the treatise of al-Farabi «Usul 'ilm at-Tabiya»**

Currently according to our research Al-Farabi's treatise «Makalaat ar-Rafi'a fii usul 'ilm at-tabiya» has three versions. This treatise was translated into Turkish in 1951 by Turkish scholars Aydin Sayili and Necati Lugal. Despite the fact that this treatise was translated into the Kazakh in 1978, actually its Kazakh translation is not in scientific application. In this treatise, al-Farabi substantiates his main ideas with the verses of the Qur'an and texts from the hadith and emphasizes the cognition of «Adam» (man). Thus, the concepts of «Akl» (mind), «Rukh» (spirit) and «Nafs» are considered separately. To confirm his point of view, al-Farabi quotes verses from the Qur'an. And during interpretation the concepts of «Rukh» and «Nafs» he confirms his theories with religious texts. Thus, al-Farabi's ideas are closely associated with the content of the Qur'an. This article contains the portries of the Holy Qur'an quoted in the text of the treatise of Abu Nasr al-Farabi «Usul 'ilm at-Tabiya» and analyzes their Kazakh translations and arguments.

**Key words:** al-Farabi, manuscript, Usul 'ilm at-Tabiya, original text, translation, verses of the Qur'an.

Ы.М. Палтөре

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы  
e-mail: yktyiar@inbox.ru

### **Анализ аятов (стихов) Корана в тексте трактата аль-Фараби «Усул ыим ат-табиьа»**

Трактат аль-Фараби «Мақалаат ар-Рафиьа фии усули ыим ат-табиьа» по нашим исследованиям в настоящее время имеет три версии. Этот трактат был переведен на турецкий язык в 1951 году турецкими исследователями Айдыном Сайли и Неджати Лугалом. Хотя сообщалось, что в 1978 году данный трактат был переведен на казахский язык, но его казахский перевод в настоящее время не находится в научном обороте. В этом трактате аль-Фараби обосновывает свои основные идеи аятами Корана и текстами из хадиса и делает акцент на познание «Адама» (человека). Таким образом,



рассматриваются концепты «Акл» (разум), «Рух» (дух) и «Нафс» (душа) по отдельности. Чтобы подтвердить свою точку зрения, аль-Фараби цитирует стихи из Корана. А также при интерпретации понятий «Рух» и «Нафс» подтверждает свои теории религиозными текстами. Таким образом, идеи аль-Фараби тесно связываются с содержанием Корана. В данной статье собраны стихи Священного Корана, цитируемые в тексте трактата Абу Насра аль-Фараби «Усул ылым ат-табия» и проанализированы их казахские переводы и аргументы.

**Ключевые слова:** аль-Фараби, рукопись, *Усул ылым ат-табия*, оригинальный текст, перевод, аяты Корана.

## Кіріспе

Әбу Насыр әл-Фараби трактаттарына назар аударғанда ол негізгі үш бастаудан сусындағандығын, нақтырақ айтқанда, өзі туып өскен ортадағы, алғашқы дүниетанымы қалыптасқан көшпенді Түркі мәдениеті, екіншісі, Құран мәтініне табан тірейтін мұсылмандық ислам мәдениеті, ал үшіншісі грек философиясымен астарласып жатқандығын көреміз.

Әбу Насыр әл-Фарабидың алғашқы дүниетанымы жастық шағында, туған жері – киелі Отырар жеріндегі түркілік мәдениеттің аясында қалыптасқаны ақиқат. Сондықтан болар түркілік дүниетанымның идеялары оның жазған трактаттарының кейбірінде қылаң береді. Әл-Фарабидың «Адам» туралы көзқарастарының түркілік мәдениет дәстүріне қатысты қырын ашу, оны тереңірек зерттеу бүгінде өзекті.

Әл-Фарабидың ой-пікірлерінің қалыптасуына тікелей әсер еткен қайнар көздерінің бірі – Ислам діні мен мәдениеті, қасиетті Құран дүниетанымы екендігі талас тудырмайды. Әрбір шығармасын Алланың атымен бастап, соңын Оған мадақ айтумен аяқтауы осы айтылғанға бір ғана дәлел. Мұнан бөлек «Дуъаул-Азим» (Ұлы дұға)<sup>1</sup> атты шағын трактаты бар екендігі белгілі. Осы тұста айтылуы тиіс бір мәселе әл-Фарабидың бізге жеткен трактаттары тәуелсіздікке дейін алдымен орыс тіліне, сосын барып орыс тілі арқылы қазақ тіліне аударылып, діни мәтіндерден, мұсылмандық дүниетанымнан мейлінше ұзақ талдауға түсті. Қолда бар аудармаларға зер салып, түпнұсқа мәтінмен салыстыра қайта қарағанымызда дінге, жаратушы Иеге қатысты ой-пікірлер қазақша-орысша аударма мәтіндерінде түпнұсқадан біршама ауытқып кеткендігін

байқауға болады. Сөзімізге дәйек ретінде айтар болсақ, әл-Фарабидың «*Шарх рисаләт Зәйнун әл-кәбир әл-юнәғани*»<sup>2</sup> атты трактатының 10 бетінде:

ولا يستكف من التعلم فان سقراط كان كثيرا ما يستفيد من تلامذته وأفلاطون كذلك وأرسطاطاليس كذلك فإن العلم كنز مدفون يفوز به من سهل الله طريقه إليه.

Қазақша аудармасы: «Адам оқуға атүсті қарамауы керек. Сократтың шәкірттері болған, Платон мен Аристотельде де шәкірттер болған. Өйткені ғылым дегеніміз көміліп жатқан қазына, оған тек Алла кімге жолын жеңілдетсе, сол ғана оған қол жеткізе алады...», – деген асты сызылған сөйлем қазақ тіліне «Өйткені ғылым дегеніміз көзі ашылмаған бұлақ сияқты емес пе, оған тек қана білім арқылы қол жеткізуге болады...»<sup>3</sup>, – деп аударылған. Біз бұл аударманың түпнұсқамен алыс-жақындығын талдамаймыз. Тек неге бұлай аударылғандығына көңіл аударсақ, қазақ тіліндегі аударма орыс тілі арқылы жасалғандығын байқауға болады. Себебі орыс тіліндегі аудармада: «... ведь наука – как закрытый родник, добиться пути к ней можно только с помощью знаний...»<sup>4</sup> – деп берілген. Ал енді орыс тіліне 1985 жылдары неге бұлай аударылды деп сұраудың өзі қисынсыз.

## Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Біз үшін басты мәселе – қазір әл-Фараби мұраларын тікелей түпнұсқадан аудару, ертеректе аударылғандарын қайта қарап, түпнұсқамен сәйкестендіріп, ұлттық дүниетаным аясында талдап, еліміздің игілігіне, ұлттық ғылымның дамуына пайдалану.

<sup>1</sup> «Китаб Уюн әл-анба-и фи табақат ал-атиббаи» II, 137 كتاب عيون الأنباء في طبقات الأطباء

<sup>2</sup> شرح رسالة زينون الكبير اليوناني للحاكم الفيلسوف المعلم الثاني أبي نصر محمد بن محمد ابن طرخان بن أوزلغ الفارابي الطبعة الأولى بمطبعة مجلس دائرة المعارف العثمانية الكائنة بحيدرآباد، سنة 1349 هـ (ص 10)

<sup>3</sup> Әбу Насыр әл-Фараби. 10 томдық шығармалар жинағы. 1-том. Метафизика. – Астана: ТОО «Лотос-Астана», 2007. – 336 б. (59-бетте)

<sup>4</sup> Аль-Фараби. Историко-философские трактаты. Алма-Ата: Наука, 1985. – Стр. 343-358.



Осы мақсатқа қол жеткізу үшін әл-Фарабидың бұрын-соңды қазақ не орыс тілінде аударылып, талқыға түсе қоймаған «*Китәб мақалаат әр-Рафиһа фи усул ғылым ат-табиға*» (كتاب مقالات الرافعة في أصول علم الطبيعة) (Табиғат ғылымының негіздері жайлы жоғары мақалалар кітабы<sup>5</sup>) атты трактатындағы діни мәтіндерді, қазірше тек қасиетті Құран аяттарына талдау жасайтын боламыз. Себебі бұл трактатта әл-Фарабидың негізгі ой-тұжырымдары Құран және хадис мәтіндерімен сабақтастырылып, дәйектеледі. Трактаттағы «Ақыл», «Рух» және «Нәпсі» ұғымдары түсіндіру кезінде аят-хадис мәтіндерімен мазмұндасып, үндестік табады.

Біз ең алдымен әл-Фарабидың осы «*Усул ғылым ат-табиға*» (Табиғат ғылымының негіздері) атты трактатының қолжазба нұсқалары туралы айта кетейік.

Әбу Насыр әл-Фараби өмірбаяны мен оның қолжазбалары туралы мәлімет беретін деректанулық, библиографиялық бағытта жазылған ортағасырлық араб тілді дереккөздерде аты аталмыш бұл трактат кездеспейтіндігін ашық айту керек. Бірақ фарабитанушы зерттеуші ғалымдардың тапқан қолжазба мәтінінде бұл трактат әл-Фарабиге тиесілі екендігі жазылған. Бұл қолжазба туралы еуропалық зерттеуші ғалым Карл Броккельман (Carl Brockelmann) өз еңбегінде әл-Фарабиге тиесілі қолжазба екендігін атап көрсетеді<sup>6</sup>. Қазір қолжазбаның үш нұсқасы бар екендігі айтылады. Біріншісі – Лейден университетінің кітапханасында Or 2.2930 тіркеу нөмерімен сақталған Лейден нұсқасы, екіншісі – 3.570 нөмерімен тіркелген Люнебург нұсқасы, ал үшіншісі – 375, 377 нөмерімен сақталған Манчестр нұсқасы<sup>7</sup>.

Осы трактаттың қолжазбасы 1951 жылы Түрік тарихи қоғамы басылымдары «Беллетен» журналының 57-ші нөмірінің 81-122 беттерінде (Türk Tarih Kurumu Yayınları. Belleten Dergisi. Cilt XV-57. Sayı – Ocak 1951) «*كتاب مقالات الرافعة في أصول علم الطبيعة للإمام الفارابي الحكيم* – Bilge imam el Farabinin “Tabiat İlminin Kökleri Hakkında Yüksek Makaleler Kitabı”» деген атаумен арабша мәтінімен қоса түрікше аудармасы қатар басылып, ғылыми айналымға енген. Түрікше

аудармасын түркиялық зерттеуші ғалым Айдын Сайылы (Aydin SAYILI) мен Нежати Лугал (Necati LUGAL) жасаған. Бұл басылымның арабша мәтінінің фотокөшірмесі еліміздегі «Ғылым Ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханада РФ597 нөмірімен сақтаулы тұр<sup>8</sup>.

Осы орайда, әл-Фарабидың біз сөз етіп отырған трактатына, оның түрік тіліндегі аудармасына сүйене отырып қазіргі кезде түрік тілінде «Әл-Фараби философиясындағы, көзқарасындағы адам», «Әл-Фараби шығармаларындағы Жаратушы мен Адам арасындағы байланыс» деген сияқты тақырыптарда көптеген ғылыми зерттеу жұмыстары жасалғандығын айта кету керек. Олардың кейбірінің электронды (pdf) нұсқалары көпшілікке қол жетімді.<sup>9</sup>

Әл-Фарабидың «*Усул ғылым ат-табиға*» (Табиғат ғылымының негіздері) атты трактаты жайында профессор Ақжан Машанов 1978 жылы «Білім және Еңбек» журналының №1 санында «Космология» атауымен жариялаған мақалада: «Ұлы ғалым әл-Фарабидың «Табиғат ғылымының негіздері» деген бұл еңбегі біздің елде алғаш рет аударылып басылып отыр. Арабша нұсқасы 1950 жылы Анкарада шыққан. Арабшадан қазақшаға аударған үш кісі: Елеусізов Ғаббас Омарұлы, Сәрсенбин Рахим, Мәндібайұлы Хажыбай. Бұл кісілер аударманың негізін дәл беруге, формасын сақтауға тырысқан...»<sup>10</sup> деп жазады. Бірақ күні бүгінге дейін бұл трактаттың толық аударма нұсқасы ғылыми айналымда жоқ екендігі көпшілікке белгілі. Жоғарыда аты аталған журналда трактаттың соңғы бөлігінің ғана қазақша аудармасы А. Машановтың түсініктемелерімен қоса беріледі. Трактаттың толық аударма нұсқасы аталмыш журналдың басқа сандарында да кездеспейді. Сондықтан аударманың қазақша толық нұсқасы басылып-басылмағаны да қазірше бізге беймәлім. Біз бұл трактат кезінде қазақ тіліне аударылған болуы мүмкін, бірақ оның аудармасы толық басылым көрмей А. Машановтың жеке қорында қолжазба түрінде қалып қалған болуы ықтимал деген жорамал жасаймыз. Алдағы уақытта бұл мәселені барынша нақтылауға тырысатын боламыз.

<sup>5</sup> Бұдан бұлай бұл трактатты қысқаша: «*Усул ғылым ат-табиға*» (Табиғат ғылымының негіздері) деп атаймыз.

<sup>6</sup> Carl Brockelmann, Geschichte Der Arabischen Litteratur Vol.1 1943.234

<sup>7</sup> نسخة مكتبة جامعة ليدن رقمها 2.2930 - Or 2 نسخة لاندبرغ رقمها 375, 377

<sup>8</sup> Мәлімет мына сілтемеден алынды. - مستدرکات أعيان الشيعة - http://shiaonlineibrary.com ج ١ - الصفحة ١٦٨

<sup>8</sup> Эл. нұсқасы: <http://library.kz/ru/elektronnaya-biblioteka-ru/resursy/elektronnaya-biblioteka-abu-nasr-al-farabi>

<sup>9</sup>Толығырақ мәлімет үшін сілтеме: [http://www.turkiyatjournal.com/Makaleler/1241190892\\_20.pdf](http://www.turkiyatjournal.com/Makaleler/1241190892_20.pdf); <https://tezarsivi.com/farabi-felsefesinde-insan-tasavvuru>

<sup>10</sup> «Білім және Еңбек» журналы, 1978 жыл. №1 саны, 22-бет.



Қазақстандағы фарабитанудың негізін қалаушы профессор А. Машанов жоғарыда айтылған мақаланың кіріспесінде: «...Бұл еңбегінде әл-Фараби бүкіл табиғат дүниесін, барлық әлемнің шыққан негізін, дамуын, табиғат философиясын берген. Осыған байланысты біз мұны «Космология» деп атадық. Көлемі қысқа кітапқа әл-Фараби талай тамаша қағидаларды сыйғызған.

Еске сала кететін бір нәрсе «космологияның» жазылу стилі жайында. Әл-Фараби заманында бүкіл ислам елінде таралған космология негізін Құран аятына, хадисқа сүйеніп айту дәстүрі болған. Әл-Фараби сол дәстүрді бұзбай қалдырған. Оның үстіне әл-Фараби сол аят-хадистерді жоғары, ғылыми-табиғи, философиялық негізінде түсінген, солай талдау беріп, сонымен ғылымды дамытқан, адам баласының ақыл-ой, ғылыми қабілетін жоғары дәрежеге көтерген»,<sup>11</sup> – деген пікір білдіреді. Профессор А. Машановтың бұл пікірімен толықтай қосылуға болады. Шынында Құран мәтіні адамзат баласын ғылым-білімге, тағат-құлшылыққа, еңбек етуге шақырып, жер үсті мен астындағы байлықтарды игілікке пайдалануға бұйырады. Жердің жаратылуы, оның адамзат баласының өмір сүруіне қолайлы етілгендігі жайында Құрандағы: Әнғам 101, Ағраф 54, Юнус 3, Hud 7, Рағад 3, Хижыр 19, 85, Нахыл 3, Әнбия 30, Фурқан 59, Сәжде 4, Фуссилат 9-11, Қаф 38, Зәрият 20, Хадид 4, Талақ 12 деген сияқты сүрелердің аяттарында баяндалады. Сондай-ақ, әһлі кітап иелерін (христиандар мен яһудилерді) Әли-Имран сүресінің 64-аятында және Бақара 178, Әли Имран 103-105, Әнфал 46, 61-63 аяттарында бірлікке шақырып, бүкіл адамзат баласын жұмыр жер бетінде береке-бірлік құруға үндейді. Адамдарды бөліп жармайды. Барша адамзат баласына арнап: «Сендерге көктердегі нәрселерді де, жердегі нәрселерді де толық бағындырды, бұл нәрселерде ойланатын адамдар үшін, әлбетте, белгілер бар», – (Құран: 45:13)<sup>12</sup> деген мағынадағы сияқты аяттарды паш етеді.

Әл-Фараби өз трактаттарында мұсылмандық діни түсініктерді, діни мәтіндерді орайына қарай пайдаланғандығы белгілі. Оның трактаттарын діни түсініктерден, Құран және хадис мәтіндерінен бөлек қарау немесе оған қарсы қою дұрыс емес. Біздің түсінігімізше әл-Фараби – озық ойлы, ғылым-білімді бойына тереңінен сіңірген әмбебап, үлгілі ұстаз. Әл-Фараби дін

саласын да жетік меңгерген. Діни түсініктерді де, діни мәтіндерді де кей трактаттарында кеңінен талдап түсіндіреді. Кейде Құран және хадис мәтіндерін өз ой-тұжырымдарына дәйек ретінде келтіреді.

### Ғылыми зерттеу методологиясы

Бұл мақалада Әбу Насыр әл-Фарабидың «*Усул ғылым ат-табиға*» атты трактаты мәтіні ішіндегі қасиетті Құран аяттары топтастырылып, олардың қазақша аудармалары, қолданылу дәйектемелері талдауға түседі. Сонымен қатар, зерттеу барысында шетелдік және отандық зерттеушілердің тақырыпқа қатысты пікірлері авторлардың еңбектерінде ғылыми негіз және дереккөзі ретінде келтірілген. Мәтіндер герменевтикалық және салыстырмалы, стилистикалық зерттеу әдістерімен талданады.

### Нәтижелері және талқылама

Әл-Фарабидың «*Усул ғылым ат-табиға*» (Табиғат ғылымының негіздері) атты трактаты екі тараудан, бірнеше бөлімнен тұрады. Трактаттың бірінші тарауында үш бөлім бар. Оның алғашқысы «Ақыл» жайында, екіншісі, «Рух», ал үшіншісі «Нәпсі» туралы түсінік, тұжырымдар Құран аяттары мен пайғамбар (с.ғ.с.) хадистерімен үндестіріліп, ой-пікір дәйектеледі. Ал екінші тарауда «Ақыл», «Рух», «Нәпсі» бірге қарастырылып, Адамның жаратылуы, алғаш жаратылған «Нұр», адамзат баласы мен Жаратушы Хақ тағала және табиғат арасындағы байланысы аят-хадистер аясында талқыға түседі. Біз осы мақалада трактаттағы Құран аяттарын ғана жинақтап, олардың қай сүренің қай аяттары екендігін анықтап көрсетеміз.

Әл-Фараби өз трактатын: «Расында, «Ақыл», «Рух» және «Нәпсі» бұлар бүкіл кемшілік атаулыдан пәк Аллаһ Тағаланың адам баласының ішіне орналастырған нәзік рухани үш рух екендігін біліңіз», – деп бастап, ақыл туралы сөз ете келе: «Оның әрекетінің, руханияттылығының қайнаркөзі (масдары) – «*Рухул-Әмрден*», яғни барлық рухтардың асылы бүкіл кемшілік атаулыдан пәк Аллаһ Тағаланың әмірі. Бұл әмір Оның уахиының бастауы (кені). Ғылымның, құдіреттің, *раббани ираданың* (құдайлық қалаудың) қайнаркөзі содан. Пайғамбарға (с.ғ.с.) келетін *илһамдардың* (аяндардың) да бастауы да

<sup>11</sup> «Білім және Еңбек» журналы, 1978 жыл. №1 саны, 22-бет.

<sup>12</sup> «Жәсия» сүресі, 13-аят. (45:13)



содан. Пайғамбар (с.ғ.с.) оны *илһам* қылып айтады да, ол өзіне қатысты уахи, өзгелерге қатысты *илһам* (аян) болады. Аллаһ Тағала: «... сол сияқты саған да Өз әмірімізден Рухты уахи еттік»,<sup>13</sup> – деп баян етеді. Сондықтан да сүннетке кітап үкімі беріледі, өйткені Аллаһ Тағаланың: «Һәм ол желіктен сөйлемейді. Ол тек түсірілген уахи ғана»,<sup>14</sup> – деген аятымен оның заңды аян екені расталады», – деп өз ойын Құран аяттарымен тұжырымдайды.

Әл-Фараби осы трактатында ақыл туралы пайымдауларын түсіндіре келе, «Алла оған берген бұл ғылымды, *раббани ираданы* қабылдай алу сырымен іске асады. Сонда Аллаһ білімдарға айна етіп жаратқан *илһами* ақыл нұры арқылы дененің барлық жеріндегі тыныштық қараңғылығына нұрын шашып, жарқырайды. Осылайша жүрек бұл нұрмен шегеленеді, әрі жүректегі нұр Алланың қалауын өз орнына тұрақтатқанда «жерлерім мен көктеріме сыймадым, тек мүмін құлымның жүрегіне сыйдым», – деді, яғни ғылымым, құдіретім, *ирадам* онда бар сипаттарым. Алла Тағаланың: «Әлде Аллаһ кеудесін исламға ашқан әрі Раббысының нұрына ілескен жан ба?»,<sup>15</sup> – деген сөзі арқылы осыны меңзеген. Сондай-ақ Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Егер нұр жүрекке кіретін болса, онда ол кеңейіп, (көкірек көзі) ашылады», – деп баян еткен...» – деп өз пікірлерін Құран аяттары мен Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) хадистерін келтіре отырып дәйектейді.

Әл-Фарабидың «Усул ғылым ат-табиға» (Табиғат ғылымының негіздері) атты трактатының мәтінде мына төмендегі Құран аяттары кездеседі:

- «Аллаһ көктер мен жердің нұры. (Нұрландырушысы) Оның нұрының мысалы ішінде шырағы бар ойықтай, шырақ шынының ішінде...»;<sup>16</sup>

- «Ол (шырақ) шығыста да, батыста да емес, бір құт-берекелі зәйтүн ағашынан (майымен) тұтанады»;<sup>17</sup>

- «...Нұр үстіне нұр! Аллаһ қалағанын Өз нұрына бастайды. Аллаһ адамдарға мысалдар келтіреді. Әрі Аллаһ – әрбір нәрсені Білуші»;<sup>18</sup>

- «Онымен (Құранмен) Сенімді Рух түсті сенің жүрегіңе, ескертушілерден болуың үшін»;<sup>19</sup>

- «Сен қасиетті Рухтың оны Раббың тарапынан иман келтіргендерді нықтау үшін және мұсылмандарға тура жолбасшы, әрі сүйінші ретінде ақиқатпен түсіргендігін айт»;<sup>20</sup>

- «Уахиы түсіп біткенше Құранды қайталауға асықпа. Және «Раббым! Білімімді арттыр!» деп айт»;<sup>21</sup>

- «Әрбір нәпсіге һәм оны үйлестіргенге серт! Әрі оған бұзықтығы мен тақуалығын аян еткен»;<sup>22</sup>

- «Бүкіл билік Оның қолында. Әрі Ол әрбір нәрсеге Құдіретті»;<sup>23</sup>

- «...Өлер уақытта жанды Аллаһ алады. Сондай-ақ өлмегендердің жанын ұйқыда алады.<sup>24</sup> Сосын өлуіне үкім берілгендердікін тоқтатады да басқалардікін белгілі бір мерзімге дейін жібереді. Сөз жоқ, мұнда түсінетін елге ғибраттар бар...»;<sup>25</sup>

- «Сендерді де, жасағандарыңды да жаратқан...»;<sup>26</sup>

- «... «Бол!» дейді де ол дереу бола қалады»;<sup>27</sup>

- «Мен жындар мен адамдарды тек Өзіме құлшылық етулері үшін ғана жараттым»;<sup>28</sup>

- «Әлде кәпір болғандар көктер мен жердің біртұтас болғандығын, сосын ол екеуін ажыратқанымызды көрмеген бе?...»;<sup>29</sup>

- «Расында Біз дүние аспанын шамдармен (жұлдыздармен) безендірдік те, оны шайтандарды ататын етіп жасадық»;<sup>30</sup>

- «Ол сондай (Алла) сендерге жұлдыздарды тура жол табуларың үшін жасаған...»;<sup>31</sup>

- «Көкте ризық-несібелерің мен өздеріңе уәде етілген бар»;<sup>32</sup>

<sup>13</sup> «Шура» сүресі, 52-аят (42:52)

<sup>14</sup> «Нәжім» сүресі, 3-4 аяттар (53:3-4)

<sup>15</sup> «Зумәр» сүресі, 22 аят (39:22)

<sup>16</sup> «Нұр» сүресі, 35 аят (24:35)

<sup>17</sup> «Нұр» сүресі, 35 аят (24:35)

<sup>18</sup> «Нұр» сүресі, 35 аят (24:35)

<sup>19</sup> «Шуғара» сүресі, 193-194-аяттар (26:193-194)

<sup>20</sup> «Нәхл» сүресі, 102-аят (16:102)

<sup>21</sup> «Та-һа» сүресі, 114-аят (20:114)

<sup>22</sup> «Шәмс» сүресі, 7-8-аяттар (91:7-8)

<sup>23</sup> «Мулк» сүресі, 1-аят (67:1)

<sup>24</sup> Сезім қабілеттері тоқтайды.

<sup>25</sup> «Саффат» сүресі, 96-аят (37:96)

<sup>26</sup> «Саффат» сүресі, 96-аят (37:96)

<sup>27</sup> «Бақара» сүресі, 117-аят (2:117)

<sup>28</sup> «Зарият» сүресі, 56-аяттар (51:56)

<sup>29</sup> «Әнбия» сүресі, 30-аяттар (21:30)

<sup>30</sup> «Мулк» сүресі, 5-аят (67:5)

<sup>31</sup> «Әнғам» сүресі, 97-аят (6:97)

<sup>32</sup> «Зарият» сүресі, 22-аяттар (51:22)



• «Көк пен жердің Раббысына серт! Шынында, ол сендердің сөйлегендеріңдей анық ақиқат!»<sup>33</sup> – деген мағынадағы аяттар кездеседі.

Бұл Құран аяттарының бәрі де негізгі ой-тұжырымдарды қуаттау кезінде немесе ойды жеткізу барысында пікірді кеңінен талдап түсіндіру үшін қолданылған.

### Қорытынды

Әл-Фарабидың біз сөз етіп отырған «*Усул ылым ат-табиғиға*» (Табиғат ғылымының негіздері) атты трактатында Құран мәтініндегі «Шура» сүресі, 52-аят (42:52); «Нәжім» сүресі, 3-4 аяттар (53:3-4); «Зумәр» сүресі, 22 аят (39:22); «Нұр» сүресі, 35 аят (24:35); «Шуғара» сүресі, 193-194-аяттар (26:193-194); «Нәхл» сүресі, 102-аят (16:102); «Та-һа» сүресі, 114-аят (20:114); «Шәмс» сүресі, 7-8-аяттар (91:7-8); «Мүлк» сүресі, 1-аят (67:1); «Саффат» сүресі, 96-аят (37:96); «Бақара» сүресі, 117-аят (2:117); «Шәмс» сүресі, 8-аяттар (91:8); «Зарият» сүресі, 56-аяттар (51:56); «Әнбия» сүресі, 30-аяттар (21:30); «Мүлк» сүресі, 5-аят (67:5); «Әнғам» сүресі, 97-аят (6:97); «Зарият» сүресі, 22-23 аяттары (51:22-23) кездеседі. Мұнан бөлек, хадистер де берілген. Бірақ ол туралы біз бөлек мақалада айтатын боламыз.

Осы орайда, әл-Фараби бабамыз діни, Құран және хадис мәтіндерін өте жақсы білгендігін айту орынды. Құран мәтініндегі әр түрлі аяттарды қажетіне қарай еркін пайдаланғандығы мұның бір айғағы. Мұнан бөлек, кейбір Құран аяттарын келтіргенде ол аяттың мән-мағынасы нені меңзейтіндігін де талдап түсіндіреді. Сөзімізді қуаттау үшін мысал келтірер болсақ, әл-Фараби: «Адамға білім, құдірет және қалауды *илһам* ететін ақылдың нұры – мүміннің жүрегіне енгізген Алланың нұры. Бұл туралы Аллаһ Тағала: «Аллаһ көктер мен жердің нұры. (Нұрландырушысы) Оның нұрының мысалы ішінде шырағы бар ойықтай, шырақ шынының ішінде...», – деген мағынадағы аяты бар. Бұл аяттағы шырақтың нұры мүміннің жүрегіндегі (шырақ), яғни Мұхаммедтің (с.ғ.с) жүрегіндегі (нұр) шырақ секілді. Яғни шырақ жарқырап тұрған жері – оның көкірегі, ал оны шырақ болып жарқыратып тұрған – ақыл нұры. Бұл «шырақ шынының ішінде», яғни мүміннің

жүрегі «Жарқыраған жұлдыз сияқты». Демек мүміннің жүрегін ақылдың, білімнің, жақсылықтың нұры нұрландырған кезде жарқыраған жұлдызға теңейді. Мұны Аллаһ Тағала: «Ол (шырақ) шығыста да, батыста да емес, бір құт-берекелі зәйтүн ағашынан (майымен) тұтанады»<sup>34</sup>, – деген аятында сипаттайды» – деп Құран аяттарының мән-мағынасын талдап түсіндіреді.

Талдауға түсіп отырған трактатта әл-Фараби Аллаһ Тағаланың: «Уахиы түсіп біткенше Құранды қайталауға асықпа. Және «Раббым! Білімімді арттыр!» деп айт»<sup>35</sup>, – деген мағынадағы аятын былайша түсіндіреді. «Құран Кәрім арқылы пайғамбардың (с.ғ.с) жүрегінің ішіне уахи болып жеткен *илһамдардың* барлығы да «*Рухул-Құдыс*»-тан келген. Осыған байланысты уахиларды оның жүрегінің ішіне қойған кезде, оны Жәбірейіл (а.с.) естіртуден бұрын естіп қоятын... Сондықтан да Пайғамбарымыз (с.ғ.с) Жәбірейілден (а.с.) естімей тұрып Құранды тілімен айтатын. Аллаһ Тағала Пайғамбарды (с.ғ.с) бұлай істеуден тыйды. Және оны хабар ретінде дәл сол нәрселерді Жәбірейіл (а.с.) арқылы жүрегінің *захир* (сыртқы) құлағымен естімейінше, жүректің ішкі құлағында «*Рухул-Құдыс*»-тың уахиы арқылы келіп жеткен *илһамдарды* айтуда, хабар беруде асығыстық етпеді бұйырды. Шынында да, мұндай тәсіл пайғамбарлық сипатының жасалуы және Алланың оған пайғамбар болғандығы арқылы уахи еткен нәрсесін уахи болғанының дәлелі тұрғысынан дұрыс әрі қуатты болады», – деп түсіндіреді.

Міне, бұл мысал ретінде келтірілгендер әл-Фарабидың қаншалықты дінді тереңінен білетін ғұлама тұлға екендігін тағы да бір айғақтай түседі. Егер біз әл-Фарабидың «*Әл-ылым әл-иләһи*» (иләһи ілім, теология) жайында арнайы трактат жазғандығын ескерсек, сондай-ақ «Аллаһ *табарак* уа *тағала* барлық нәрсені жоқтан бар етіп Жаратушы, Ол – (Аллаһ) әл-Хақ, Біреу-ақ. Онда пайда болу да, жоғалу да жоқ»<sup>36</sup>, – деген сияқты тұжырымды ойлары діни мәтін, түсініктермен сабақтасатын трактаттарын арнайы зерттеп, зерделеу мәселесі өзекті екендігі талас тудырмайды. Өйткені әл-Фараби: «Философияны зерттеу мақсатына келетін

<sup>33</sup> «Зарият» сүресі, 22-аяттар (51:23)

<sup>34</sup> «Нұр» сүресі, 35 аят (24:35)

<sup>35</sup> «Та-һа» сүресі, 114-аят (20:114)

<sup>36</sup> Әбу Насыр әл-Фарабидің нақыл сөздері (араб, казак, орыс тілдерінде) / Бас. ред. Ғ.М. Мұтанов. Құрас. ұжым.: Ж.С. Сандыбаев, Ы. Палтөре – Алматы: «Қазақ университеті» баспасы, 2020. – 230 б.



болсақ, мұның өзі – барлық нәрсенің қозғаушысы, себебі болып табылатын, өзгермейтін және бірегей бәрінен жоғары Жаратушы Тағаланы тану. Оның даналығы, әділеттілігі осы дүниені жасаушы және құрушы екенін көрсету»<sup>37</sup>, – деп айтқан болатын. Демек, әл-Фараби шығармаларын тереңнен түсіну үшін

бізге грек философиясымен қатар мұсылмандық ислам мәдениетін, оның діни дүниетанымдық негіздерін, Құран және хадис мәтіндерімен жақыннан таныс болу, әрі оны бір кісідей білу қажеттілігі туындайды, бұл өз кезегінде әл-Фараби трактаттарын түсінуді жеңілдететіні ақиқат.

### Әдебиеттер

- عيون الأنبياء في طبقات الأطباء المؤلف: أحمد بن القاسم بن خليفة بن يونس الخزرجي موفق الدين، أبو العباس ابن أبي أصيبعة المحقق: الدكتور نزار رضا الناشر: دار مكتبة الحياة – بيروت
- الفارابي حياته، آثاره، فلسفته. إعداد أحمد شمس الدين. دار الكتب العلمية بيروت، الطباعة الأولى 1990 م
- كتاب مقالات الرفيعة في أصول علم الطبيعة للإمام الفارابي الحكيم
- كارل بروكمان. تاريخ الأدب العربي الجزء الرابع، نقله إلى العربية الدكتور السيد يعقوب بكر والدكتور رمضان عبد التواب. الطبعة الثالثة، دار المعارف القاهرة
- شرح رسالة زينون الكبير اليوناني للحاكم الفيلسوف المعلم الثاني أبي نصر محمد بن محمد ابن طرخان بن أوزلغ الفارابي الطبعة الأولى بمطبعة مجلس دائرة المعارف العثمانية الكائنة بحيدرآباد، سنة 1349 هـ
- كتاب ما ينبغي أن يقدم قبل تعلم فلسفة أرسطو تصنيف محمد بن محمد الفارابي
- Әбу Насыр әл-Фараби. 10 томдық шығармалар жинағы. 1-том. Метафизика. – Астана: ТОО «Лотос-Астана», 2007. – 336 б. (59-бетте)
- Аль-Фараби. Историко-философские трактаты. – Алма-Ата: Наука, 1985.
- Carl Brockelmann, Geschichte Der Arabischen Litteratur Vol.1 1943. 234.
- «Білім және Еңбек» журналы, 1978 жыл. №1 саны.
- Bilge imam el Farabinin “Tabiat İlminin Kökleri Hakkında Yüksek Makaleler Kitabı” terc./Aydın SAYILI, Necati LUGAL Türk Tarih Kurumu Yayınları. Belleten Dergisi. Cilt XV-57. 1951
- Алтай Х. Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі. – Алматы, 2000. – 476 б.
- Қасиетті Құран және қазақ тіліндегі мағыналық аудармасы / Ауд. С.З. Ибадуллаев. – Алматы, 2015. – 774 б.
- Әбу Насыр әл-Фарабидың нақыл сөздері (араб, қазақ, орыс тілдерінде) / Бас. ред. Ғ.М. Мұтанов. Құрас. ұжым.: Ж.С. Сандыбаев, Ы.М. Палтөре. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 230 б.
- Abu Nasir al-Farabi. (2007) Collection of works in 10 volumes. Volume 1 Metaphysics. Astana: Lotus-Astana LLP. – 336 p.
- Al-Farabi (1985) Historical and philosophical treatises. Alma-Ata. Science.
- Carl Brockelmann, (1978) Geschichte Der Arabischen Litteratur Vol.1 1943.234 Magazine "Education and Labor". №1.
- Aydın Sayili, Necati Lugal (1951) Bilge imam el Farabi's "Book of High Articles About the Roots of Natural Science" terc./ Turkish Historical Society Publications. Belleten Magazine. Volume XV-57.
- Altai H. (2000) The meaning and concept of the Holy Quran in Kazakh. Almaty. – 476 pages. S.Z. Ibadullaev (2015) Semantic translation of the Holy Quran and the Kazakh language / Aud. – Almaty, – 774 pages.
- Proverbs of Abu Nasir al-Farabi (in Arabic, Kazakh, Russian) (2020) / Bas. ed. G.M. Mutanov. Compilation. team: Sandybaev Zh.S., Paltore Y.M. – Almaty: Kazakh University Publishing House, 230 p.

<sup>37</sup>كتاب ما ينبغي أن يقدم قبل تعلم فلسفة أرسطو تصنيف محمد بن محمد

الفارابي



**O. Kabadayı** Kırşehir Ahi Evran University, Turkey, Kırşehi  
e-mail: kabadayiosman@yandex.com**TURKISH LANGUAGE RESEARCHES  
IN MUSTAFA KEMAL ATATURK'S PERIOD**

Mustafa Kemal Atatürk was closely interested in Turkish history and Turkish language. He also gave great importance to Turkish culture in general manner. Furthermore, he attempted to improve and increase culture. He paid attention to language which carries culture and is an important element of culture. He tried to bring specific features as individualism and personality to Turkish language- the features that he aimed to bring to his nation in a republican country which were founded under the name of "Turk" and of which basic element was "culture". However, reforms about language cannot be reached to the solution with only a few legislations and in a short time. Language studies are related to culture and requires quite a long time. Being aware of the fact that language is the basis of culture, Atatürk extended language studies over a period of time by taking some steps.

The steps taken by Atatürk in order to improve and modernize Turkish language are the followings: founding of Institute of Turkic Studies, accepting of New Turkish Alphabet, founding of Turkish Language Investigation Association, organizing Turkish Language Congresses, Sun Language Theory, founding of Language and History-Geography Faculty, reproducing Turkish terms.

**Key words:** Mustafa Kemal Atatürk, Turkish language, Turkish language reform.

**О. Қабадайы**Қыршехир Ахи Эвран университеті, Түркия, Қыршехир қ.,  
e-mail: kabadayiosman@yandex.com**Мұстафа Кемал Ататүрік дәуіріндегі  
түрік тілі зерттеулері**

Мұстафа Кемал Ататүрік Анадолы түріктерінің мәдениеті мен тарихының зерттеп-зерделенуімен қоса түрік тілінің заманауи тұрғыда дамуына үлкен мән берген. Ол Анадолы халқының ана тілі – түрік тілін өзіне тән мәдени астары мол, тарихи тамыры тереңде жатқан тіл деп таныған. Ататүрік, республика жариялана сала елдің болашағын «түрік», «мәдениет», «тіл» сияқты ұғымдармен тығыз байланыста қараған, осы бағытта аянбай еңбек етіп тер төгіп жүрген ғалымдарға қолдау көрсеткен. Бұған қоса тілге байланысты қандай да бір іс-әрекеттер бұйрық пен директиваларға бағына бермейтіндігін жақсы түсініп, аса күрделі де нәзік сала екендігін қаперде ұстаған. Түрік халқының мәдени жаңғыруы мен тілдік тұрғыда дамуының уақыт еншісінде екендігін де сезген. Ататүрік, түрік тілінің дамуы мен заманауи бағытта жаңғыруы тұрғысында мынандай атаулы шешімдер қабылдаған: Түркітану институтын құру; Жаңа түрік алфавитін қабылдау; Түрік тілін дамыту қоғамын құру, Түрік тілі құрылтайының тұрақты түрде өткізілуін қамтамасыз ету, «Күн тіл теориясын» насихаттау туралы; Тіл, тарих-география факультетін (институтын) құру туралы; Түрік тілі терминология комитетін құру туралы шешімдер қабылданды.

**Түйін сөздер:** Мұстафа Кемал Ататүрік, түрік тілі, түрік тілін жаңғырту концепциясы.

**О. Қабадайы**Университет Кыршехир Ахи Эвран, Турция, г. Кыршехир  
e-mail: kabadayiosman@yandex.com**Исследования турецкого языка  
в период Мустафа Кемаль Ататюрка**

Мустафа Кемаль Ататюрк очень интересовался турецкой историей и турецким языком. Он также придавал большое значение турецкой культуре в целом. Кроме того, он пытался улучшить и поднять культуру. Он обратил внимание на язык, который несет культуру и является важным элементом культуры. Он пытался привнести в турецкий язык такие специфические черты, как индивидуализм и индивидуальность – черты, которые он стремился передать своей нации в республиканской стране, которая была основана под названием «тюрк» и основным элементом



которой была «культура». Однако языковые реформы не могут быть решены с помощью всего нескольких законодательных актов и в короткие сроки. Изучение языков связано с культурой и требует довольно длительного времени. Осознавая тот факт, что язык является основой культуры, Ататюрк в течение определенного периода времени расширял языковые исследования, принимая определенные шаги.

Шаги, предпринятые Ататюрком для улучшения и модернизации турецкого языка, заключаются в следующем: основание Института тюркских исследований, принятие нового турецкого алфавита, основание Ассоциации изучения турецкого языка, организация конгрессов по турецкому языку, теории солнечного языка, основание языка и Историко-географический факультет, воспроизводящий турецкие термины.

**Ключевые слова:** Мустафа Кемаль Ататюрк, турецкий язык, реформа турецкого языка.

## Кіріспе

Мұстафа Кемал Ататүрік мемлекет басшысы және саяси қайраткер ретінде түрік тарихы мен түрік тілі зерттеулеріне үлкен мән беріп, осы арқылы жалпытүркілік мәдениет зерттеулеріне де ықпал етуді көздеген. Мемлекет басшысы ретінде мәдениетті қоғам құру үшін аянбай еңбек еткен. Түрік мәдениеті мен тіліне, тарихына байланысты маңызды шешімдер қабылдауда алдыңғы қатарда болған. Ататүрік, тіл білімі мен тарих ғылымын дамыту арқылы мәдениетті қоғам құруды аңсаған. Осы мақсатта халыққа арқа сүйеу қажет екендігін сезіп, «Ұлттық тіл» мен «Ұлттық тарих» атауымен белгілі болған ұран тастайды. Сөйтіп, Осман Сұлтандығы дәуірінде қағажу көріп, «көлеңкеде» қалып қойған түрік тіліне жаңаша тың серпіліс береді (Korkmaz 2005a: 774). Ататүрік «түрік» деп аталатын елдің негізін мәдениет құрайтындығын айта келе, жас республиканың алдында мәдениетті, зайырлы ел құру міндеті тұрғандығын, ол үшін жаңа адами тұлға қалыптастыру қажеттігін, ал тіл саясаты тұрғысында тілдік реформа аясында тілдік жаңғыру саясатын жүргізу қажеттігі бар екендігін үнемі айтып отырған. Бірақ тіл реформасы немесе тілге байланысты саясат қандай да бір қарар мен бұйрыққа бағына алмайтындықтан қысқа мерзімді немесе тактикалық әрекеттік объектісіне жатпайтындығын да қаперде ұстаған. Осылайша ұлттық мәдениеттің негізінде тіл тұрғандығын жақсы білген Ататүрік, басты-басты екі қоғамдық жаңғыруды уақыт тұрғысында жайып-таратып, мұның стратегиялық іс-жоспар екендігін белгілеп-нұсқап кеткен.

## Тақырыпты тандауды дәйектеу, мақаланың мақсаты мен міндеттері

Түркия тарихында Ататүрік сияқты тілдік және мәдени істерге қызығушылық танытатын басқа саяси көшбасшы жоқ деп айтуға бола-

ды. Түркия Республикасының тұңғыш президенті Мұстафа Кемал Ататүрік мемлекет басшысы және саяси қайраткер ретінде түрік тілі зерттеулеріне үлкен мән берген. Ататүрік түрік тілін түлетіп, заманауи белеске көтеру үшін көптеген іс-жоспарға тікелей араласты. Бұл тақырып Ататүрік кезеңінде түрік тіліне қатысты жасалған жұмыстарды сипаттау үшін таңдалды. Біз Ататүрік кезеңінде түрік тіліне қатысты жасалған жұмыстарды зерттеп, осы тақырыптағы ізденістерге толықтыруларды ұсынамыз.

## Материалдар мен зерттеу әдістері

Мақала жазу барысында қажетті деректерді дайындау үшін тақырыптың көлеміне, өзектілігіне және мәліметтердің әралуандылығына баса назар аударылды. Тақырыптың методологиялық негізін отандық әдебиеттер құрап отыр.

Қарастырылатын негізгі тақырыптар Ататүрік кезеңінде жүргізілген түрік тіліне қатысты іс-шаралар. Тақырыпқа қатысты әдебиеттердің ең негізгілерін түрік ғалымдарының іргелі зерттеулері құрады. Оларды мақала жазу барысында ғылыми талдаудан өткізу – зерттеудің басты міндеттерінің бірі болды. Олардың арасында айрықша түрік зерттеуші Зейнеп Қоркмаздың еңбектерінің орны бөлік.

Сондай-ақ ғылыми мақаланы жазуда Түрік ғалымдардың іргелі теориялық пікірлері мен тұжырымдары қолданыс тапты. Ғылыми мақалада тарихи-салыстырмалы, сипаттау, баяндау, саралау, тұжырымдау және жүйелеу әдістері пайдаланылды. Зерттеу жұмысын ұйымдастыруда тақырыптың өзекті мәселелерін объективті түрде шешуге талпыныс жасалды.

## Талқылаулар мен нәтижелер

Ататүріктің революциялық қарқынмен жүргізген реформаларының түп төркіні елге тек



қана саяси өзгеріс емес, саяси-әлеуметтік және мәдени өзгеріс әкеліп қоғам санасын жаңғырту, дәуірі сұранысына қарай бейімдеу болатын. Ататүрік, «... іске асырып жатқан және алдағы уақытта да қолға алатын реформаларымыздың мақсаты Түркия Республикасын мекендейтін халықтың сана-сезімін ояту, жұртшылықтың мәдениетке деген, білім-ғылымға деген көзқарасын түбегейлі өзгерту болып табылады» дей келе, осы іс-жоспарының негізгі идеясын былайша тиянақтайды: түпкі мақсат ұлттық мәдениетті жаңғырту арқылы заманауи және мәдениетті қоғам орнату (Korkmaz 2005b: 920).

Ататүрік түрік тілін қайта түлетіп, заманауи белеске көтеру үшін мынадай іс-жоспарға тікелей араласты:

Түркітану институтын құру;

Жаңа түрік алфавитін қабылдау;

Түрік тілін дамыту қоғамын құру;

Түрік тілі құрылтайын тұрақты түрде өткізу;

Күн тіл теориясын насихаттау;

Тіл және тарих-география факультетін (институтын) құру;

Түрік тілінің терминологиясын қалыптастыру.

*Түркітану институты*

Азамат соғысын жеңіспен аяқтағаннан соң іле-шала 29 қазан 1923 ж. Түркия Республикасы жарияланды. Ержүрек, батыл түрік әскері жеңіске жеткеннен соң, ендігі кезек азаматтық қоғамның жеңісіне қол жеткізу болды. Оның өзегі мәдени реформа еді. Республика жариялана сала Ататүрік, Көпрүлүзаде Мехмет Фуатпен болған бір әңгімесінде Стамбұл университетінің жанынан түрік мәдениетін тіл, әдебиет, фольклор сияқты салаларда зерттеп-зерделей алатын ғылыми топ құру қажеттігін айта келе, осындай жауапты жұмысты өзіне тапсыратындығын білдіреді: «Фуат Бей, республикамызды құрдық, енді еліміздің білім мен ғылым саласындағы кемшілігін толтыруымыз қажет, оның уақыты келді. Сізге айтарым: тез арада Стамбұл Дарүлфүні (университеті) жанынан Түркітану зерттеу институтын құрыңыз» (Akalin 2004: 29).

Осы кездесуден соң бір жылдық дайындық жұмыстарынан кейін 12 қараша 1924 жылы, Министрлер Кеңесінің № 1111 шешімімен Стамбұл Дарүлфүніндегі (университетінде) Әдебиет филиалы (әдебиеттерді зерттеу орталығы) жанынан жаңа тұрпаттағы білім мен мәдениет орталығы – Түркітану институты ашылды. Тұңғыш басшысы болып Мехмет Фуат Көпрүлү тағайындалды (Özkan 1997: 3). Аталмыш институт Ататүріктің нұсқауымен қызметін бастаған

және түрік мәдениетін ғылыми тұрғыда зерттеп-зерделейтін ең алғашқы ғылыми ордалардың бірі болып саналады. Осы институт қазіргі уақытта да Стамбұл университетінің құрамында жұмыс істеп, бұрынғы атауымен, – *Түркітану зерттеулері институты* – ғылыми-зерттеу жұмыстарын одан әрі жалғастыруда.

*Жаңа түрік әліпбиін қабылдау*

Ататүрік басшылығымен басталған реформалардың ең басында латын негізді түрік алфавиті тұр. Бұл мәселе тек қана республика жарияланғаннан кейін емес одан да бұрынырақ кезеңде күн тәртібінде болып, жетекші тілші ғалымдардың назарында болғаны мәлім. Алайда ол кезде жаңа алфавитті практикалық өндіріске енгізудің уақыты еместігін сезген Ататүрік біршама уақыт кешеуілдетуге шешім қабылдаған еді. Оған қоса алфавит мәселесі көп уақытқа дейін қоғамдық пікір объектісіне айналмай жасырын ұсталғаны да шындық (Özüçetin 2003: 147).

17 ақпан – 4 наурыз 1923 ж. Ататүрік *Измир экономикалық конгресінде* латыннегізді түрік алфавитінің қолдаушысы және насихаттаушысы Хүсейін Жахит (Ялчын), измирлік ғалым Әли Назми сияқты пікірлес әріптестерімен қосылып, Анатолия халқының латыннегізді ұлттық алфавитін таңдайтын уақыты келгендігін білдіреді. Алайда бұл мәлімдеме қолдау таппай, керісінше қарсы пікірлердің көбейе түсуіне себеп болып, конгресс спикері Казым Паша (Қарабекир) табанды түрде қарсы шығады (Levend 1949: 366-367). Оның айтуына қарағанда *ел мұндай үлкен өзгеріске дайын емес*. Ататүрік осы эпизодтардан кейін Фалих Рыфкы Атайға «Хүсейін Жавид маған мезгілі келмей, шикілеу тұрған істі бастатпақ болды. Менің ойымша алфавит өзгертудің уақыты келген жоқ» деген уәж айтады (Korkmaz 2005b: 925).

Алфавит мәселесін тұңғыш рет Түркия ұлы ұлттық мәжілісінің мінбесінен хабарлаған Измир депутаты Шүкрі Сарачоғлы болды. 25 ақпан, 1924 ж. Ұлттық білім беру саласына бөлінген бюджеттің сол уақытқа сай қомақты болғанымен ел арасындағы жалпы сауатсыздық көрсеткіші әлі де жоғары қалып, осыны тілге тиек еткен депутат мұның себебін арапнегізді алфавиттің түрік тілі фонетикалық жүйесіне сай еместігінен іздеу керек деген пікір білдіреді: «*Менің ойымша мұндай келеңсіз жағдайдың орын алып отырғанының басты себебін әріптің сұлбасынан іздеу керек. Ол арапнегізді алфавитіміз. Осы уәжге қатысып қатыспайтындықтарыңызды білмеймін. Мыр-*



залар, осы айтқаныма құлақ түріңіздер, мәселе қазіргі алфавитте, яғни арап алфавитінің түрік тілінің дыбыстық ерекшелігіне сәйкес келмеуінде. Мемлекеттік органдардағы чиновниктермен қоса, сот істері мамандары мен оқытушыларды қоса алғанда осы күрделі алфавит кесірінен халқымыздың тек қана 2-3 пайызы ғана хат танитын дәрежеде (Levend 1949: 368).

Оның Ұлттық мәжілістегі осындай баяндамасы депутаттар арасында түсінбеушілік тударып үлкен дау-дамайға себеп болады. 1924-1927 жылдары аралығында латыннегізді түрік алфавиті мәселесі қайтадан күн тәртібіне келіп, жекелеген басылымдар қоғамдық пікірдің пайда болуына әсер ете бастайды. Осы кезеңді түрік қоғамын жаңа ұлттық алфавитке ауысу жөнінде жүргізген дайындық жұмысы деп те айта аламыз.

Ал алфавит ауыстырудың практикалық тұрғыда уақыты келген кезде сол кездегі Білім беру министрлігі жанынан Фалих Рыфкы Атай, Фазыл Ахмет Айкач, Рүшен Ешреф Ұнайдын, Рагип Хулуси Өздем, Ахмет Жеват Емре, Якуп Кадри Караосманоглы, Мехмет Емин Еришигил, Ихсан Сунгу және Ибрагим Грантайдан құралған *Тіл комитеті* құрылды. Осы комитет 26 маусым, 1928 ж. жұмысына бастап, алғашқы қолға алған мәселе – жаңа алфавит пен грамматикалық нұсқаулық жариялауға кірісіп кетті. Ибрагим Грантай жаңа алфавит бойынша, ал Ахмет Жеват Емре грамматика саласынан есеп береді (Levend 1949: 371). Тіл комитеті шектеулі уақыт ішінде латыннегізді жаңа түрік алфавитін дайындайды. Әртүрлі нысан мен мазмұндағы кедергі мен пікірталастарға Ататүріктің өзі араласып, жедел және тиісті шешім қабылдаудың уақытын қысқартуға мұрындық болады (Korkmaz 2005c: 939).

Жаңа латыннегізді түрік алфавитінің ресми түрде күн тәртібіне енгізілуі Ататүріктің 9 тамыз, 1928 ж. Сарайбурну провинциясында сөйлеген сөзінен басталады. Ол, «*Достар, біздің бай да шұрайлы тіліміз осыдан бастап жаңа алфавитпен жазылып-естілетін болады. Ғасырлар бойы ана тілімізді іштей тұншықтырып, адымын аштырмай келген кірме сөздерден, қолға байлау болып жүрген қажеті шамалы белгі-нысандардан құтылатын уақыт келді. Біздің тарихи шешіміміздің өзектілігі мен зәрулігін барлығы біліп-көретін болады. Бұған кәміл сенемін*» (Levend 1949: 372). Ататүрік сөзін тыңдаған Фалих Рыфкы Атай сол сәттегі тарихи оқиғаны былай сипаттайды:

“*Ауқымды іс атқарылды. Қолға алатын тағы бір зәру ісіміз бар. Ол жаңа түрік*

*қаріптерін неғұрлым жылдамырақ меңгеру. Мұны әрбір азаматқа, жұмысшыға, диқанға, әйел мен бала-шағаға, саудагерге барлығына үйретуге тиіспіз. Мұны патриоттық және отансүйгіштік міндет деп бағалаңыз. Жаңа қаріпті үйрету барысында халқымыздың тек қана 10-20 пайызы жазба-сызуды біледі – соны да ескеруіміз қажет. Бұл көрсеткіш ойландырмай қоймайды. Бұған ұялу керек. Біздің халқымыз ешкімнен ұялуға тиісті емес. Еңбекқор халқымызға қол ұшын беруге міндеттіміз. 80 пайыздық деп жүрген сауатсыздығымызды жою барлығымызға ортақ міндет. Ал кімде кім бұл істі қолдамаса немесе кедергі жасаймын деп ойласа – қатты қателескені. Сауатсыздықтың тамырына балта шабатын, жазу-сызуға деген құштарлықты оятатын уақыт келді. Қателік жіберген тұстарымыз болса оны да түзететін уақыт келді. Алайда ондай қателікті азамат болып, жұртышылық болып түзеткеніміз абзал. Бір жыл ары кетсе екі жыл көлемінде түрік ұлты жаңа қаріпті меңгеріп сауатты халықтардың арасынан өзіне лайық орнын алады деп сенемін. Бұған барлығымыз куәгер болатындығымызға сенімім мол”* (Levend 1949: 372-373).

1 қараша 1928 ж. заңдық тұрғыда күшіне енген жаңа әліпбидің негізгі мақсаты түрік тіліндегі араптекті кірме сөздер арқылы еніп жайлап алған басы артық белгі-ишараларда, түрік тілінің табиғатына қайшы келетін ереже-постулаттардан құтылу болды. Бұлар әрине түрік тілінде сауат ашу жолындағы негізгі кедергі ретінде танылатын (Korkmaz 2005d: 861-867).

Алфавит реформасы басталғаннан кейін ілешала «Бас оқытушы» – Ататүріктің жеке бас-тамасымен қаріпті үйрету, таныту, насихаттау мақсатымен Анадолының түкпір-түкпіріне экспедициялар ұйымдастырылды. *Халық мектебі* атты қоғамдық оқу орындары өз жұмысын бастап кетті. Жаңа алфавит өндіріске ене сала халықтың сауаттылық көрсеткіші еселі түрде көбейіп, 1923 ж. 5% сауаттылық, 15 жыл ішінде 80 пайыздық көрсеткішке жетті. Сөйтіп латыннегізді жаңа түрік алфавиті түрік тілі мен мәдени даму тарихына алтын әріптермен жазылды.

*Түрік тілін дамыту қоғамын құру*

Қандай да бір халық өзінің тарихи жолына, өткеніне қарай отырып дамитынына сенген Ататүрік, 12 сәуір 1931 ж. *Түрік тілін дамыту қоғамын* құру жөнінде шешім қабылдайды. Енді түрік тілінің ғылыми тұрғыда зерттеліп-зерделенетін уақыттың келгендігін білді. Ататүрік, Садри Максуди Арсалдың *Түрік*



тілі үшін атты еңбегіне 2 қыркүйек 1930 ж. *Kipisne* жазған кезде мынадай ой-пікірімен бөліскен еді: “*Ұлттық сана-сезім мен ана тіл арасындағы байланыс өте күшті және мығым. Ал тілдің шын мәнінде ұлттық болып дамуы ұлттық сана-сезімнің өсіп-жетілуіне де байланысты. Жалпы түрік тілі дүниежүзі тілдері арасындағы ең бай тіл ретінде танылады. Біз осы байлықты ұқыпты пайдалана білуіміз қажет. Отансүйіш түрік халқы енді ана тілін шет тілдердің қыспағынан алып шығып дамытуға міндетті*” (Akalin 2004: 30).

